

А.Н. Алтайбаева *, Г.Т. Телебаев 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: ayaulym-91@mail.ru; telebaev@gmail.com)

Түркі халықтарының саяси құндылықтарының жастар санасына әсері

Түркі халықтарының саяси құндылықтары түркі қоғамының дүниетанымы эволюциясының нәтижесі. Түркі халықтарының саяси құндылықтары мәдени, әлеуметтік, дәстүрлі және діни аспектілерге негізделген. Зерттеудің маңыздылығы әлемдік қауымдастықтың түркі әлеміне деген қызығушылығының артуына байланысты өзекті болып саналады. Әсіресе, түркі тілдес қоғамдағы жастардың құндылықтарға қатысты сана-сезімі қалай қалыптасады деген мәселелерді зерттеу қазіргі таңда өте маңызды. Түркі жастары әлемдік тенденцияларға белсенді түрде әсер ете бастады және бүгінде жастардың бұл құндылықтарды түсінудегі қажеттілік маңызды рөл атқарады. Түркі халықтарының саяси құндылықтарының жастарға әсері мәселесі аз зерттелгендіктен, қазақ жастарының арасында саяси дүниетанымды қалыптастыратын түркі құндылықтары туралы пікірлерді арттыру мәселесін қарастыруды жөн көрдік. Мақала қазақ қоғамының қазіргі саяси құндылықтарына әсер ететін түркі дүниетанымының этникалық, саяси, мәдени, діни факторларын анықтауға бағытталған. Авторлар түркі халықтарының саяси құндылықтарын зерттеушілердің еңбектеріне салыстырмалы талдау жасап, әртүрлі көзқарастарды берген. Сонымен қатар түркі халықтарының саяси құндылықтарын қалыптастыру және дамыту мақсатында Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдерде (Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркия) жүзеге асырылып жатқан ортақ жобалар туралы баяндалған. Бұл жобалардың түпкі мақсаты «Тілде, ойда, еңбекте бірлік» идеологиясын қалыптастыру. Яғни, түркі халықтарының саяси құндылығын қалыптастырудағы маңызды қадам ретінде жобадағы міндеттерді жүзеге асыру.

Кілт сөздер: түркілер, саяси құндылықтар, мәдениет, қоғам, жастар, жастар санасы, ұлттық болмыс, патриотизм, түркі әлемі.

Кіріспе

Түркі халықтарының саяси құндылықтарын зерттеудің өзектілігі жыл сайын артып келеді. Түркі әлемінің дүниежүзілік мәдениет пен саясатқа ықпалы мәселесін зерттей отырып, түркі әлемінің мәдени, адами, саяси ресурстарына сұраныстың өсу қарқынын байқауға болады. Осы ресурстардың бірі — адам капиталы және оның қозғаушы күші — жастар. Қазіргі әлемде жер шарындағы түркі халықтарының үлесі 3,5 пайызды құраса, 2050 жылға қарай ол 5 пайызды құрайды деп күтілуде. Халық санының өсуі дәстүрге, дінге, мәдениетке, географиялық, экономикалық және әлеуметтік факторларға негізделген қоғамдық өзгеріске әкеледі. Халықаралық қатынастар тұрғысынан түркілердің саяси құндылықтарын зерттеу маңызды үдеріс. Жаһандану жағдайында түркі халықтарының саяси құндылықтары жастардың санасына қалай әсер ететінін түсіну зерттеу тақырыбымыздың негізгі мақсаты. Бұл құндылықтарды игеру арқылы жастардың адамзат даму тарихына өзіндік үлес қосатын бағытын айқындайды. Түркі әлемі үшін жастардың санасына әсер ететін саяси құндылықтарды зерттеу маңызды тақырыптардың бірі. Түркі халықтарының саяси құндылықтарын зерттеудің өзектілігі олардың қоғамдық сананы, саяси мәдениетті және жалпы қоғам құрылымын, әсіресе, жастарды қалыптастыруға қосқан маңызды үлесінен көрінеді деген қорытындыға келуге болады.

Ғылыми зерттеудің мақсаты — түркі халықтарының саяси құндылықтарының жастар санасына әсерін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттерді қоямыз: біріншіден, тақырыпты теориялық тұрғыдан пысықтау, отандық және шетелдік әдеби дереккөздерді зерделеу; екіншіден, зерттеу әдістемесін анықтай отырып түркі халықтарының саяси құндылықтарына талдау жасау. Негізгі саяси факторларды анықтау арқылы олардың маңызы мен жастардың санасына қосқан үлесін бағалай аламыз. Жұмыстың қорытынды кезеңі жұмыстың маңыздылығын бағалау, алынған нәтижелерді талқылау және осы саладағы алдағы жұмыстарды болжау.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: ayaulym-91@mail.ru

Зерттеу әдістері

Зерттеудің әдіснамасында түркі халықтарының саяси құндылықтары, түркі қоғамының дүниетанымы, эволюциясы, мақалада кездесетін тарихи ұғымдар салыстырмалы-тарихи әдіске негізделіп түсіндірілген. Сонымен қатар, зерттеуде тарихи талдау, саралау, деректанулық сыни әдістері де қолданылды.

Нәтижесі

Түркілердің саяси құндылықтары түркі топтары қауымдастығының дүниетанымын қалыптастырған түркі мәдениетінің бірқатар мәдени, этникалық, діни және тұрмыстық ерекшеліктерін қамтиды. Бұл саладағы зерттеушілер саяси құндылықтардың бірнеше категорияларын анықтайды: мәдени, генетикалық және әлеуметтік.

Түркі халықтарының мәдени құндылықтары түркілердің қауым болып қалыптасу дәуірінен бастау алады. Мәдени құндылықтар — бұл бір-бірімен тығыз байланысты адамдардың өнерінің, дәстүрлерінің және наным-сенімдерінің ерекшеліктері болып табылады [1].

Генетикалық құндылықтар ұлттық сәйкестендіруді білдіреді және өзіндік ерекшеліктері ортақ ұлыстан ұлт қалыптасады. Қазіргі түркі халықтары сырт келбетінен бір-бірінен өте ерекшеленеді. Бұл ерекшелік түркілердің дүниежүзін көп шарлап, әртүрлі мәдениеттермен қарым-қатынаста болуына байланысты.

Түркілердің әлеуметтік құндылықтары түркілердің тұрмыс-тіршілігімен байланысты түсіндіріледі. Түркілердің әлеуметтік құндылықтары, көптеген мәдениеттердегі сияқты, халықтың өмірінде маңызды рөл атқарады, саяси ортаны қалыптастыратын әдет-ғұрыптарды, нормаларды, қоғамдық қатынастар мен дүниетанымдарды қалыптастырады. Түркі әлемі біркелкі емес, сондықтан мәдениеттердің алуан түрлілігі аймақтан аймаққа немесе қоғамға қарай ерекшеленеді, бірақ саяси құндылықтардың қалыптасуына үлкен әсер еткен түркі халқының әлеуметтік құндылықтарының ортақ белгілерін байқауға болады.

Түркі қоғамындағы құндылықтар күнделікті өмірдің маңызды құрамдас бөлігі. Түркі халықтарының құндылық элементтері ретінде — ауыз әдебиеті, үлкенге құрмет, толеранттылық, өзара көмек және т.б.

Түркі халықтарының құндылықтарының ерекшелігі — оның музыкалық аспаптарына, әдебиетіне, өнеріне, ұлттық тағамдарына, үй тұрмысына әсер еткен көшпелі және жартылай көшпелі, сонымен қатар отырықшы өмір салтымен тығыз байланысты. Түркі халықтарының наным-сенімдері салт-дәстүрмен тығыз байланысты болғандықтан, өнер осы нанымдар негізінде дамыды. Түркі халықтары ежелден шығармашылықтың элементтері болып табылатын халық ертегілері мен аңыз-әңгімелер арқылы өз салт-дәстүрін жеткізсе, сонымен бірге ертедегі түркі халықтарының дәстүрлерінің көпшілігі ұлыстардың мәңгілік аспанға деген сеніміне негізделген.

Түркі халықтарының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігінің бір ерекшелігі — үлкенді қастерлеу дәстүрі. Үлкенге құрмет, кішіге ілтипат түркі халықтарының мәдени ерекшелігінің маңызды бөлігі, мысалы, жиындарда ақсақалдардың төрден орын алуы, қарттарға құрмет көрсетіліп, батасын алуы дәстүрдің ажырамас бөлігі.

Түркілердің маңызды әлеуметтік құндылықтарының бірі — отбасылық қарым-қатынастар. Түркі халықтарының қоғамында алыстағы ағайындармен жиі араласу, туыстық байланысты сақтау әдеттегідей болып саналса, көптеген еуропалық мәдениеттерде мұндай байланыстар қолдау таппайды. Бұл дәстүр құндылық ретінде жағымды жағы, отбасылық қарым-қатынастың маңыздылығы түркі тілдес халықтардың қоғамының саяси және әлеуметтік мәселелерге белсенді жауап беруіне мүмкіндік береді [2].

Толеранттылық ұғымы түркі халықтарының өмір салтының маңызды бөлігі болып табылады, ал тату көршілік қарым-қатынас қоғамдастықтың табысты саясаты үшін маңызды. Түркілер арасындағы толеранттылық және басқа мәдениеттерді қабылдау мәдениеттің бір бөлігі болып саналады. Қазіргі түркі тілдес қоғамда толеранттылық саяси күн тәртібінің маңызды бөлігі болып табылады және түркі тілдес мемлекеттердегі түрлі конфессиялар мен этностардың өзара түсіністігі және толеранттылығы бір қоғамда бейбіт жағдайда өмір сүру үшін маңызды деп саналады. Діни және дәстүрлі саяси құндылықтар барлық діндер мен ұлттар тату-тәтті өмір сүретін қоғамның қалыптасуында көрінеді.

Осы және басқа да құндылықтар түркі халықтарының қоғамдық тәртіптің негізін құрап, кейіннен мемлекеттің саяси философиясына әсер етті. Уақыт өте келе қоғам құндылықтары жаһандық

тенденциялардың әсерінен өзгеріп отырады және қоғамдық құндылықтар ғасырлар бойы қалыптасып, дамып, өзгеріске ұшырап отырады [3].

Саяси құндылықтар ұзақ уақыт бойы қалыптасады және әділ әлеуметтік тәртіп идеяларын қамтитын мәдени және әлеуметтік факторлардың көрінісі. Қоғам ұзақ уақыт бойы қоғамның қажеттіліктеріне байланысты саяси құндылықтарды қалыптастырады. Саяси құндылықтардың өзі қалыптаса отырып, жастардың санасына үлкен әсер етіп, ата-баба тәжірибесін өскелең ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді [4; 693]. Әрине, мұндай қоғамда саяси құндылықтар ескіріп, заманауи талаптарға сай келмеуі мүмкін және заманауи жағдайларға бейімделуді талап етеді. Түркі халықтарының саяси құндылықтарының ерекшелігі — мультимәдениеттілік және басқа ұлттармен және мәдениеттермен қарым-қатынас, қажетті құндылықтарды заманауи қоғамға сәтті бейімдеуге мүмкіндік береді.

Түркі халықтарының саяси құндылықтарын бірнеше топқа бөлуге болады: ұлттық бірегейлік, түркі патриотизмі, демократиялық идеялар, әлеуметтік әділеттілік, діни және дәстүрлі құндылықтар мен мәдениетаралық өзара әрекеттестік.

Түркілердің ұлттық болмысы ұлтына, тіліне, тарихына, мәдениетіне деген патриоттық сезімнен көрініс табады. Түркі патриотизмі өз мемлекеттілігінің дамуына, сонымен қатар басқа түркі мемлекеттерімен өзара әрекеттесуге ықпал етеді. Демократиялық идеялар түркі мемлекеттерінің территориясында орта ғасырлардан бастап пайда бола бастап, дала демократиясы да кең өріс ала бастады.

Жастар санасы туралы түсінік

Түркі халықтарының саяси құндылықтарының қалыптасу және дамуында жастардың рөлі маңызды. Жастар санасы — өскелең ұрпақтың танымдық, эмоционалдық, әлеуметтік және мәдени процестерінің әртүрлі аспектілерін қамтитын күрделі және көп қырлы психологиялық құрылым. Жалпы мағынада сананы адамның өз болмысын, қоршаған әлемді, сондай-ақ жеке адамға әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды білуі ретінде анықтауға болады. Жастардың санасына қатысты анықтаманың бірнеше негізгі аспектілері бар:

Алғашқысы, когнитивті аспектілер — ойлау, қабылдау, ақпаратты түсіну және проблемаларды шешу қабілеттері жатады. Жастар өздерінің танымдық құрылымдарын қалыптастырады, ақпаратты өңдейді, жаңа білімді игереді және дүниеге көзқарастарын дамытады.

Екіншісі, жастардың санасына сезім тәжірибесі, оқиғаларға эмоционалдық реакциялар және басқалармен қарым-қатынас сияқты эмоционалдық аспектілер кіреді.

Үшінші, әлеуметтік аспектілер — жастардың қоғаммен қарым-қатынасын көрсетеді. Жастардың санасы әлеуметтік-мәдени нормалардың, құндылықтардың, институттардың және әлеуметтік күтулердің әсерінен қалыптасады.

Төртінші, мәдени аспектілер — мәдени құндылықтардың, салт-дәстүрдің, тілдің және өзіндік сананың жастардың санасына әсерін көрсетеді. Мәдени факторлар жастардың құндылықтары мен әлеуметтік сенімдерінің қалыптасуына әсер етуі мүмкін.

Жастардың саяси санасы сыртқы факторлардың ықпалына және өзін-өзі дамытуға бағынатын динамикалық процесс және бұл жеке тұлғада әлеуметтік, мәдени және саяси әсерлердің өзара әрекеттесуінің нәтижесінде құрылады [5]. Жастардың санасының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар:

1. Отбасындағы өзара әрекеттестік, отбасылық құндылықтар мен тәрбие арқылы жеке тұлғада негізгі құндылықтар, дүниетаным, дағдылар қалыптасады.

2. Жастардың санасын қалыптастыруға мектеп, университет сияқты оқу орындарының ықпалы жоғары. Қоғамдағы білім деңгейі, ұсынылатын оқу бағдарламасы және тәрбиешілермен қарым-қатынас жастардың интеллектуалдық және мәдени дамуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

3. Қала немесе ауыл сияқты жастар өсетін орта да олардың көзқарастарына, құндылықтарына және ресурстар мен мүмкіндіктерге қол жеткізу деңгейіне әсер етеді.

4. Жастардың санасын қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдары өз ықпалын тигізеді, соның ішінде теледидар, интернет, әлеуметтік желілер және т.б. атауымызға болады. Бұқаралық ақпарат құралдарында оқиғалардың, идеалдардың, мінез-құлық үлгілерінің бейнеленуі жастардың дүниетанымына әсер етеді.

5. Достарымен, құрдастарымен және қоғамның басқа мүшелерімен қарым-қатынас әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды қалыптастырады. Әлеуметтік орта жастардың мінез-құлқы мен көзқарасына оң және теріс әсер етуі мүмкін.

6. Экономикалық жағдайлар, ресурстарға қолжетімділік және экономикалық мүмкіндіктер де жастардың санасының қалыптасуына әсер етеді.

7. Саясаттағы оқиғалар мен саяси процестер жастардың саяси санасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Саяси қатысу, белсенділік пен саяси саналылық жастардың көзқарасын қалыптастырады.

8. Жастардың сана-сезімін қалыптастыруға мәдени дәстүрлер, діни наным-сенімдер, тіл мен болмыстың ықпалы зор.

9. Мәдениет пен бірегейлік жастардың сана-сезімін қалыптастыруда, олардың көзқарастарына, құндылықтарына, мінез-құлқына және әлемді қабылдауына әсер етеді.

Мәдениет пен бірегейлік жастардың санасын қалыптастырудағы негізгі аспектілер ретінде қарастырылады. Мәдениет пен бірегейлік белгілі бір құндылықтарды салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дін және тіл арқылы жеткізеді. Бұл құндылықтар жастардың дүниетанымын, қоғамға деген көзқарасын қалыптастыруға негіз болады. Тіл мәдениеттің негізгі элементі ретінде қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу тәсілдерін қалыптастырады және ақпаратты қабылдауға және талдауға әсер етеді. Тілдік ерекшеліктер жастардың өз ойын білдіру және әлемді қабылдау тәсілдерін анықтай алады. Дәстүрлі мәдени рәсімдер мен мерекелерге қатысу жастардың мәдениетпен байланысын нығайтуға, өз халқының тарихын қайта қарауға және мәдени мұра контексінде өзінің жеке басын дамытуға көмектеседі. Көп мәдениетті қоғамда жастар әртүрлі мәдениеттермен өзара әрекеттесу арқылы әлемді кеңірек қабылдауға және түсінуге ықпал ете алады [6]. Жастардың белгілі бір мәдениетке деген берік тәуелділік қоғамдық және саяси өмірге қатысуға мотивацияға береді. Қазіргі қоғамдарда әртүрлі мәдениеттерден жастардың санасын қалыптастыру үшін бірегей контекст жасайды.

Түркі саяси құндылықтарының жастар санасына ықпалын анықтау

Мақалада түркі халықтарының саяси құндылықтарының жастар санасына ықпалын анықтау үшін қазіргі салада елеулі үлес қосқан зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасалған. Сонымен қатар зерттеушілердің еңбектеріндегі түркі әлемінің саяси құндылықтарының қалыптасуы мен дамуы туралы мәліметтер берілгенімен, бұл мәселемен айналысатын зерттеушілер мен еңбектердің саны аз күйінде қалып отыр. Мәселелерді зерделей келе, түркі халықтарының саяси құндылықтарының ықпалы туралы еңбектердің басым бөлігі түркі және орыс тілдерінде, аздаған бөлігі ағылшын тілінде берілгені анықталды. Жастардың санасына әсер ететін негізгі түркі халықтарының саяси құндылықтарын анықтау үшін осы мәселені зерттеген ғалымдардың еңбектері талданды (Өзен Йенер мен Гүл Явуз, М. Шумилов, В.А. Аваткова, Е.С. Фесенко және т.б.).

Өзен Йенер мен Гүл Явуз «Түркі ұлттық-мәдени құндылықтарының тұлғалық сипаттағы көріністері» атты еңбектерінде моральдық құндылықтар пайда болған кезде тұлғаның мінез-құлық қасиеттері үйреншікті реакция үлгісіне айналатын тұжырымдаманы ұсынады. Осылайша, кейіпкерлердің құрамдас бөліктерін түсіну арқылы авторлар түркі халықтарының жастардың даму моделі үшін негізгі деп қабылдайтын алты әмбебап қасиетті ажыратады. Бұл қасиеттер: адалдық, сыйластық, жауапкершілік, әділдік, қайырымдылық және азаматтық [7]. Кез келген қоғамдағы жастар сияқты түркі жастары үшін де адалдық, сыйластық, жауапкершілік, әділдік, қайырымдылық пен азаматтық құндылықтар тұлғаның қалыптасуында, қоғамдық байланыстардың нығаюында және жалпы қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады.

Адалдық — түркі тілдес халықтардың мәдениетіндегі басты құндылықтардың бірі болып саналады. Адалдықты әдетке айналдырған жастар қоғамдағы сенімділікті арттыруға үлес қосады. Бұл адамдар бір-біріне сене алатын салауатты қоғамдастық ортасына ықпал етеді. Үлкенге құрмет, салт-дәстүр мен мәдени әртүрлілік түркі жастарының болмысының ажырамас бөлігі. Осы құндылық қоғамдағы келісімді сақтауға және тұлғааралық қарым-қатынасты нығайтуға көмектеседі. Түркі жастарының қалыптасуында отбасы, қоғам, ел алдындағы жауапкершілік маңызды рөл атқарады [8]. Жауапты мінез-құлық қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді және кейінгі ұрпақтар үшін жағымды үлгілерді сақтайды. Әділет құндылық ретінде басқаларға әділ қарау және әділдік үшін күреске қатысу теңгерімді және этикалық қоғамды құруға ықпал етеді [9]. Қайырымдылық дәстүрі түркі мәдениетінде ертеден келе жатқан құндылық болып табылады. Түркі жастарының өз қоғамының өміріне саналы түрде азаматтық қатысуы мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз етуге септігін тигізеді [10].

Тұтастай алғанда, бұл құндылықтар жеке тұлғаның дамуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар тұрақты және дамыған қоғамның негізін құрайды. Түркі жастары осы қағидаларды ұстана отырып, өз қоғамындағы оң өзгерістерге белсенді түрде әсер етіп, түркі мәдениетінің жаһандық мұрасына үлес қоса алады [11].

Көптеген ғалымдардың пікірінше, түркі әлемі алуан түрлі тарихы, мәдениеті және саяси дәстүрлері бар көптеген этностарды біріктіреді. Түркі халықтарының саяси мәдениетінің негізгі аспектілерінің бірі — ұлттық бірегейлікті нығайту. Бұл өз ұлтына, тіліне, тарихына және мәдениетіне деген құрмет ұлттық бірегейлікті нығайтуда жаһандық кеңістікте танылатын тұтас ұлтты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түркілердің саяси ойлауында патриотизм мен отанға деген сүйіспеншілік маңызды орын алады. Бұл құндылықтар жастардың санасына әсер етіп, елінің болашағы үшін жауапкершілік сезімін оята алады. Бірқатар түркі елдерінде демократиялық идеялардың жастардың саяси санасына әсері байқалады. Бұған азаматтық қоғамға қатысу, адам құқықтарын қорғау және демократиялық институттарды дамытуға ұмтылу кіреді.

Дәстүрлі түркі құндылықтары аға ұрпаққа және дәстүрлі құндылықтарға құрмет көрсетуге ерекше мән береді. Бұл аға ұрпақтың құндылықтары мен даналығын жеткізу арқылы жастардың санасына әсер етуі мүмкін.

Жаһандану және мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайында түркі жастары басқа мәдениет өкілдерімен идеялар мен тәжірибе алмасу арқылы саяси құндылықтарды қабылдап, оларға әсер ете алады. Түркі қоғамдарының әртүрлілігін ескере отырып, түркілердің саяси құндылықтары мен олардың жастарға әсері туралы көбірек зерттеу жүргізу түркі әлемі ғылымындағы маңызды міндеттердің бірі.

Түркі халықтарының саяси құндылықтарын қалыптастыру және дамытуда түркі тілдес мемлекеттердің де белсенді қызметтерін атап өткен жөн. Бұл қызметтер, яғни бағдарламалар, тек түркі тілдес мемлекеттер қауымдастығын құрайтын мемлекеттердің ішкі шеңберінде ғана емес, сонымен қатар халықаралық дәрежеде жүзеге асып жатқан белсенді бағдарламалар да бар. Бұл бағдарламалардың жүзеге асуында бастамашы болған және түркі тілдес мемлекеттердің мүше болған ең маңызды ұйым — Түркі мемлекеттері ұйымы болып табылады. Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркия елдерінің одағынан тұратын Түркі мемлекеттері ұйымы түркі әлемінің ортақ мүдде аясында бірігуінде көптеген бастамаларды көтерді және бағдарламалар сәтті жүзеге асырылып жатыр. Сол бағдарламалардың ішінде түркі халықтарының саяси құндылықтарын қалыптастыру және дамыту бағытындағы бағдарламалар да бар. Атап айтсақ, «Türk Dünyası 2040 Vizyonu» (Түркі әлемінің келешегі — 2040), Түркі әлемінің цифрлық азаматтық жобасы (TUDVA) және Түркі әлемін цифрландыру және жастар ұйымы (TDDGT) [12].

Осы бағдарламалардың ішінде ең маңыздысы «Türk Dünyası 2040 Vizyonu» (Түркі әлемінің келешегі — 2040) стратегиялық бағдарламасы түркі тілдес елдердің түрлі салаларда интеграциялануын қамтиды. Бұл бағдарлама түркі халықтарының аймақтық деңгейдегі қажеттіліктерге негізделген және Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің жаһандану процесіндегі пайда болған қиындықтарға қарсы қорғануда маңызды рөл атқарады [12].

«Түркі әлемінің цифрлық азаматтық жобасы» (TUDVA) «Түркі әлемінің келешегі — 2040» бағдарламасы аясында дайындалған жоба және түркі тілдес халықтарының ең көп қатысқан әлеуметтік-мәдени жобасы болып саналады. Түркі әлемінің цифрлық азаматтығы жобасының (TUDVA) негізгі мақсаты — түрлі географиялық кеңістікте тұратын түркі әлемінің жастарын бір цифрлық платформада біріктіру және осы арқылы цифрлық азаматтық сананы қалыптастыруды көздейді. Түркі әлемінің цифрлық азаматтығы жобасының негізгі мақсаттары ретінде мәдениеттің жалпы және негізгі құндылықтарын меңгеруде, дағдыларды дамытуда (топпен жұмыс, көшбасшылық, т.б.), Түркі әлеміне қатысты мәселелерді талдауда, Түркі әлемі одағының құрылуы мен болашағы туралы талқылауларда қолдау көрсету. Бүгінгі таңда «Түркі әлемінің цифрлық азаматтығы» жобасының жұмысы сәтті басталып, түркі тілдес мемлекеттер тарапынан белсенді қолдау тауып, атқарылған қызметтер оң нәтижелерін бере бастады [12].

Түркия тарапынан жүргізіліп отырған халықаралық жобаның тағы бір түрі «Түркі әлемін цифрландыру және жастар ұйымы» (TDDGT). Бұл технология, ғылым, мәдениет және өнер салаларында жобалар жасайтын және «Жүректер бірлігі» қоры аясында жұмыс істейтін Халықаралық жастар ұйымы. Түркі әлемін цифрландыру және жастар ұйымы ұсынылған жобаларға референттік ұйым болуды мақсат етеді және жастардың цифрлық әлем, технология, мәдениет пен өнер туралы хабардар болуы мен білімін арттырудағы жалғастыруды қолдайды [12].

Жүзеге асып жатқан жобалардың негізгі мақсаты — Түркі халықтарының ортақ тұлғасы Исмаил Гаспыралының «Тілде, ойда, еңбекте бірлік» ұранын жүзеге асыруға бағытталған.

Дүниежүзілік өркениет тарихында түркі дүниесінің құндылықтары маңызды орынға ие. Тамыры бір, тілегі ортақ түркі халықтарының — тілі, тарихы, мәдениеті, өнері мен салт-дәстүрлері негізгі біріктіруші элементтері болып табылады. Қазіргі заманда түркі мемлекеттерінің ортақ мүдделерге бірігуі олардың түрлі салаларда интеграция сипатында жүзеге асады. Түркі тілдес мемлекеттер соңғы отыз жыл ішінде білім беру, мәдени, саяси және экономикалық ынтымақтастықты дамыту бойынша түрлі Меморандумдарға қол қойып, аталған салаларда өзара ынтымақтастық қызметтерін сәтті жүзеге асырып келеді [13].

Түркі тілдес мемлекеттердің ең басты екі көшбасшысы ретінде Қазақстан мен Түркия арасында сауда, инвестиция, өндіріс, логистика, білім және ғылым, инновация, жаңа технологиялар, ауыл шаруашылығы, банк қызметтері және т.б. салаларының ынтымақтастығын қамтитын «Жаңа Синергия» ортақ бағдарламасы бекітіліп, бұл бағдарлама жұмысы да оң нәтижелерін берді [14]. Осындай бағдарламалар нәтижесінде елдердің өзара ынтымақтастығы артып, қоғамдық санада елдердің туысқандық сезімі оянып, ортақ құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді.

Талқылау

Түркі халықтарының саяси құндылықтарының жастар санасына әсер етуінің негізгі тенденциялары мен заңдылықтарын анықтау әртүрлі факторлардың үйлесімін жүйелі талдауды қажет етеді. Төменде осы контексте анықтауға болатын негізгі бағыттар мен үлгілер берілген:

1. Ұлттық бірегейлік — түркі халықтарының саяси құндылықтарының әсері жастар арасында ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған. Жаһандану және мәдени әралуандылық жағдайында жастардың ұлттық бірегейлігін сақтауға деген ұмтылысы бар екендігін байқауға болады.

2. Патриотизм және азаматтық ұстаным — Түркі халықтарының саяси құндылықтары жастардың патриоттық сезімін және белсенді азаматтық ұстанымын оята алады. Қалыптасқан ұлттық патриотизмді жастардың қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуымен және мемлекеттік бастамаларды қолдауымен байланыстыруға болады.

3. Дәстүрлермен және мәдени мұралармен өзара әрекеттесу арқылы құндылықтардың ықпалындағы жастар мәдениетті, салт-дәстүрлерді және тілді сақтауға және таратуға қызығушылық танытуы мүмкін.

4. Демократиялық құндылықтарды дамыту арқылы түркі қоғамдарында сөз бостандығы мен адам құқықтарын құрметтеу дағдыларын қалыптастыруға деген жетістіктер бар. Осы құндылықтармен өскен жастар азаматтық белсенділік танытып, қоғамдық қозғалыстарға қатысып, демократиялық институттарды жақсартуға ұмтыла алады.

5. Халықаралық қатынастар аренасында түркі халықтарының саяси құндылықтары халықаралық қатынастарға, соның ішінде көршілер мен серіктестерге деген белгілі бір көзқарасты қалыптастыра алады.

6. Сыбайлас жемқорлықпен және әлеуметтік әділетсіздікпен күресу де түркі халықтарының саяси құндылықтары ретінде қабылданған қоғамдарда жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы әлеуметтік бастамаларды белсенді түрде қолдай алады.

7. Біріктіру және әлеуметтік инклюзия — түркі халықтарының саяси құндылықтары жастар арасында қоғамдастық пен бірлік сезімін қалыптастыруға ықпал ететін және ортақ саяси құндылықтарды қолдайтын және толеранттылық пен ынтымақтастыққа бағдар беруші элемент ретінде бағаланса болады.

Түркі әлемі әртүрлі мәдениеттер мен контекстерді білдіретінін және саяси құндылықтардың әсері нақты ел мен қоғамға байланысты әртүрлі болуы мүмкін екенін атап өткен жөн.

Қорытынды

Түркі халықтарының саяси құндылықтарының жастар санасына әсері туралы ғылыми зерттеулер кең және сан алуан білімді көзқарастарды қамтиды. Мәдени бірегейлікті сақтауға және нығайтуға бағытталған түркі халықтарының саяси құндылықтары жастардың өзіндік санасы мен ұлттық болмысына деген мақтанш сезімін қалыптастыруда шешуші рөл атқара алады. Мәдени бірегейлікті сақтау ұлттық тәрбиенің маңызды идеяларының біріне айналды. Демократиялық идеялар мен азаматтық белсенділікті дамыту арқылы ұлттық бірегейлікті нығайту мемлекеттің жастар саясатын қайта қарауға мүмкіндік береді. Түркі халықтарының саяси құндылықтарының идеяларын дамыту

жастар арасында демократиялық наным-сенімдерді дамытуға және қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуға ықпал ете алады және қоғамдағы демократия идеяларының дамуы мемлекетаралық ынтымақтастықты жақсартуға көмектеседі. Мақалада түркі халықтарының саяси құндылықтары жастардың мәдениетаралық дағдыларын қабылдауды дамыту арқылы басқа мәдениеттер мен елдерге деген көзқарасын, сондай-ақ диалог пен ынтымақтастыққа қатысуға дайындығын қалыптастыра алады. Тақырыпқа байланысты зерттеу еңбектерінде қоғамдағы кейбір құндылықтар жастардың өз құндылықтарымен сәйкес келмеген жағдайда сыншыл және төзімді болу дағдыларын қалыптастырудың маңызы зор екенін атап көрсетеді. Зерттеушілер түркі халықтарының саяси құндылықтарының ықпалындағы жастардың сана-сезімін қалыптастырудағы білімнің рөліне де назар аударып, жоғары оқу орындарындағы жастардың осы құндылықтарды қабылдауын қалай кеңейте алатынын немесе шектейтінін анықтауда. Кейбір зерттеушілер түркі халықтарының саяси құндылықтарының әлеуметтік өзгерістер мен трансформацияға, әсіресе, жаһандық сын-қатерлерге бейімделу мен жаңашылдыққа ұмтылу контекстінде қалай әсер ететінін талдауға назар аударады.

Орталық Азияда түркі тілдес мемлекеттер тәуелсіздігін алған уақыттан бастап түрлі салаларда өзара интеграциялану процесі арқылы біршама оң нәтижелерге қол жеткізді. Бұл кезең аралығында түркі тілдес мемлекеттері ынтымақтастығы нығайып, стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Түркі тілдес халықтарының тілінің, мәдениеті мен дәстүрлерінің ортақтығын негізге ала отырып, ғылым мен техника, білім беру, мәдениет, жастар, спорт және туризм секілді салаларда ынтымақтастығының дамуы түркі халықтарының ортақ құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді деген көзқарастамыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Булекбаев С.Б. О месте и роли тюрков в мировой истории, культуре и цивилизации / С.Б. Булекбаев, Р.У. Булекбаева // *Falsafa va hayot xalqaro jurnal.* — 2019. — С. 62.
- 2 Ахмедова Н.Р. Гуманистические ценности и традиции тюркского мира в современном социокультурном контексте Центральной Азии / Н.Р. Ахмедова // *Түркі мәдениеті: ортақ бастаулары және даму ерекшеліктері.* — 2023. — С. 65.
- 3 Досымбаева А.М. Наследие Западного Тюркского каганата в контексте развития мировой цивилизации / А.М. Досымбаева, С.Г. Боталов // *Междунар. науч.-теор. конф.* — Екатеринбург: Ин-т ист. и археол. УрО РАН, 2014. — С. 182–184.
- 4 Рахманалиев Р. Империя тюрков. История великой цивилизации / Р. Рахманалиев. — М.: Рипол Классик, 2019. — 693 с.
- 5 Гусейнова Г.К. Особенности культурного пространства и межтюркское сотрудничество / Г.К. Гусейнова // *Альманах «Клио».* — 2023. — С. 159–163.
- 6 Ebulfez S. Явление мультикультурализма в тюркских государствах / S. Ebulfez, G. Tokareva, A. Bayramov // *Этносаясат.* — 2023. — № 2. — С. 24.
- 7 Yener O. Тюркские национальные и культурные ценности и отражение ценностей в характере личности / O. Yener, G. Yavuz // *Akademik Tarih ve Silsunce Dergisi.* — 2020. — С. 749–768.
- 8 Шумилов М.М. Влияние пантюркизма на формирование политической идентичности тюркоязычных государств Центральной Азии в XXI веке. — Ч. 1 / М.М. Шумилов // *Управленческое консультирование.* — 2022. — № 6 (162). — С. 36–53.
- 9 Аватков В.А. Идеино-ценностный фактор в тюркских государствах постсоветского пространства / В.А. Аватков // *Мировая политика.* — 2019. — № 4. — С. 1–12.
- 10 Фесенко Е.С. Неопантюркизм во внешней политике Турции: направления взаимодействия с государствами Центральной Азии / Е.С. Фесенко // *Скиф. Вопросы студенческой науки.* — 2022. — № 5 (69). — С. 217–221.
- 11 Минеева Е.К. Взгляд экспертов на межэтническое взаимодействие тюркских народов европейской России: анклавные этнотерриториальные группы и межкультурная адаптация / Е.К. Минеева, Т.Н. Иванова, А.И. Минеев // *Гасырлар авазы — Эхо веков.* — 2022. — № 4. — С. 90–99.
- 12 Исаева М.И. Цифрлық түркі әлемі және Қазақстанның ақпараттық дискурсы / М.И. Исаева, Н.М. Исабаева, С.М. Шимаева, Д.Д. Ешпанова // *Адам әлемі.* — 2024. — № 1 (99). — Б. 73–81.
- 13 Ауелгазина Толқын. Қазақстан мен Түркияның білім саласындағы ынтымақтастығының негізгі бағыттары / Толқын Ауелгазина, Тоғжан Шаймақова, Мейіржан Шаймақов // *Жалпы түркі мемлекеттері интеграциясының әлеуеті: қазіргі жағдайы мен келешегі. Халықаралық конференцияның материалдар жинағы.* — Алматы, 2023. — Б. 96–108.
- 14 Исаева М.И. Türkiye ve Kazakistan Arasındaki Yüksek Düzeydeki Stratejik İşbirliği Konseyinin 2. Toplantısının Ardından Yeni Sinerji Ortak Ekonomik Programına Kısa Bir Bakış / Eds.: In Nevzat ŞİMŞEK, Lida PARHOMCHİK, Hayal Ayça ŞİMŞEK *EURASIA OUTLOOK* — 2015. *ECONOMİK, SOSYAL AND POLİTİKAL PERSPEKTİVES İN EURASIA.* — 2016. — S. 191–196.

А.Н. Алтайбаева, Г.Т. Телебаев

Влияние политических ценностей тюркских народов на сознание молодежи

Политические ценности тюркских народов являются результатом эволюции мировоззрения тюркского общества. Политические ценности тюркских народов основаны на культурных, социальных, традиционных и религиозных аспектах. Актуальность исследования обусловлена возрастающим интересом мирового сообщества к тюркскому миру. Особенно важно изучить вопросы того, как формируется ценностное отношение молодежи в тюркоязычном обществе. Тюркская молодежь стала активно влиять на мировые тенденции, и сегодня важную роль играет необходимость понимания молодыми людьми этих ценностей. Поскольку вопрос влияния политических ценностей тюркских народов на молодежь изучен недостаточно, мы решили рассмотреть вопрос повышения мнений о тюркских ценностях, формирующих политическое мировоззрение среди казахской молодежи. Целью статьи является определение этнических, политических, культурных и религиозных факторов тюркского мировоззрения, влияющих на современные политические ценности казахского общества. Кроме того, указано несколько факторов, влияющих на сознание молодежи. Также в статье рассматривается, что усиление национальной идентичности через развитие демократических идей и гражданской активности позволяет пересмотреть молодежную политику государства. Авторами произведен сравнительный анализ работ исследователей политических ценностей тюркских народов и представлены различные точки зрения. В целях формирования и развития политических ценностей тюркских народов также описаны совместные проекты, реализуемые в странах-членах Организации тюркских государств (Азербайджан, Казахстан, Кыргызстан, Узбекистан и Турция). Конечная цель этих проектов – формирование идеологии «Единство в языке, мышлении, работе». То есть реализация задач проекта является важным шагом в формировании политической ценности тюркского народа. В заключении приведены сведения о политических ценностях других тюркских стран, а также описаны проводимые и планируемые мероприятия в этом направлении.

Ключевые слова: тюрки, политические ценности, культура, общество, молодежь, молодежное сознание, национальная идентичность, патриотизм, тюркский мир.

A.N. Altaybaeva, G.T. Telebayev

The influence of the political values of the Turkic peoples on the minds of young people

The political values of the Turkic peoples are the result of the evolution of the worldview of the Turkic society. The political values of the Turkic peoples are based on cultural, social, traditional and religious aspects. The relevance of the study is due to the growing interest of the world community in the Turkic world. It is especially important to study the issues of how the value attitude of young people is formed in a Turkic-speaking society. Turkic youth began to actively influence global trends, and today the need for young people to understand these values plays an important role. Since the issue of the influence of the political values of the Turkic peoples on young people has not been studied enough, we decided to consider the issue of increasing opinions about the Turkic values that shape the political worldview among Kazakh youth. The purpose of the article is to determine the ethnic, political, cultural and religious factors of the Turkic worldview that influence the modern political values of Kazakh society. In addition, several factors influencing the consciousness of young people are indicated. The article also discusses that strengthening national identity through the development of democratic ideas and civic engagement makes it possible to reconsider the state's youth policy. The article provides a comparative analysis of the works of researchers of the political values of the Turkic peoples and presents different points of view. In order to form and develop the political values of the Turkic peoples, the article also describes joint projects implemented in member countries of the Organization of Turkic States (Azerbaijan, Kazakhstan, Kyrgyzstan, Uzbekistan and Turkey). The ultimate goal of these projects is the formation of the ideology of "Unity in language, thinking, work". That is, the implementation of the project's objectives is an important step in the formation of the political value of the Turkic people. In conclusion, information about the political values of other Turkic countries is provided, as well as ongoing and planned activities in this direction are described.

Keywords: Turks, political values, culture, society, youth, youth consciousness, national identity, patriotism, Turkic world.

References

- 1 Bulekbaev, S.B., & Bulekbaeva, R.U. (2019). O meste i roli tiurkov v mirovoi istorii, kulture i tsivilizatsii [On the place and role of the Turks in world history, culture and civilization]. *Falsafa va hayot xalqaro jurnal* [in Russian].

- 2 Akhmedova, N.R. (2023). Gumanisticheskie tsennosti i traditsii tiurkского mira v sovremennom sotsiokulturnom kontekste Tsentralnoi Azii [Humanistic values and traditions of the Turkic world in the modern sociocultural context of Central Asia]. *Turki madenieti: ortağ bastaulary zhane damu erekshelikteri — Turkic culture: common origins and features of development* [in Russian].
- 3 Dosymbaeva, A.M., & Botalov, S.G. (2014). Nasledie Zapadnogo Tiurkского kaganata v kontekste razvitiia mirovoi tsivilizatsii [The legacy of the Western Turkic Kaganate in the context of the development of world civilization]. *Mezhdunarodnaia nauchno-teoreticheskaiia konferentsiia — International scientific and theoretical competition*. Ekaterinburg: Institut istorii i arheologii UrO RAN [in Russian].
- 4 Rakhmanaliyev, R. (2019). Imperiia tiurkov. Istoriia velikoi tsivilizatsii [Empire of the Turks. History of a great civilization]. Moscow: Ripol Klassik [in Russian].
- 5 Guseinova, G.K. (2023). Osobennosti kulturnogo prostranstva i mezhtiurkское sotrudnichestvo [Features of cultural space and inter-Turkic cooperation]. *Almanakh «Klio» — Almanac “Clio”*, 159–163 [in Russian].
- 6 Ebulfez, S., Tokareva, G., & Bayramov, A. (2023). Yavlenie multikulturalizma v tiurkских gosudarstvakh [The phenomenon of multiculturalism in the Turkic states]. *Etnosaiasat — Ethnopolitics*, 24 [in Russian].
- 7 Yener, O., & Yavuz, G. (2020). Tiurkские natsionalnye i kulturnye tsennosti i otrazhenie tsennostei v kharaktere lichnosti [Turkic national and cultural values and the reflection of values in the character of an individual]. *Akademik Tarih ve Silsunce Dergisi*, 749–768 [in Russian].
- 8 Shumilov, M.M. (2022). Vliianie pantiurkizma na formirovanie politicheskoi identichnosti tiurkoiazыchnykh gosudarstv Tsentralnoi Azii v XXI veke. Chast 1 [The influence of Pan-Turkism on the formation of the political identity of the Turkic-speaking states of Central Asia in the 21st century, Part 1]. *Upravlencheskoe konsultirovanie — Management consulting*, 6 (162), 36–53 [in Russian].
- 9 Avatkov, V.A. (2019). Ideino-tsennostnyi faktor v tiurkских gosudarstvakh postsovetского prostranstva [The ideological and value factor in the Turkic states of the post-Soviet space]. *Mirovaia politika — World Politics*, 4, 1–12 [in Russian].
- 10 Fesenko, E.S. (2022). Neopantiurkizm vo vneshnei politike Turtsii: napravleniia vzaimodeistviia s gosudarstvami Tsentralnoi Azii [Neo-Pan-Turkism in Turkish foreign policy: directions of interaction with the states of Central Asia]. *Skif. Voprosy studentcheskoi nauki — Scythian. Questions of student science*, 5(69), 217–221 [in Russian].
- 11 Mineeva, E.K., Ivanova, T.N., & Mineev, A.I. (2022). Vzgliad ekspertov na mezhetnicheskoe vzaimodeistvie tiurkских narodov evropeiskoi Rossii: anklavnye etnoterritorialnye grupy i mezhkulturaia adaptatsiia [Experts' views on interethnic interaction of the Turkic peoples of European Russia: enclave ethno-territorial groups and intercultural adaptation]. *Gasyrlar avazy — Echo of Centuries*, 4, 90–99 [in Russian].
- 12 Isaeva M.I., Isabaeva, N.M., Shimaeva, S.M., & Eshpanova, D.D. (2024). Tsifirlyq turki alemi zhane Qazaqstannyn aqparattyq diskursy [Digital Turkish world and information discourse of Kazakhstan]. *Adam alemi — Human world*, 1 (99), 73-81 [in Kazakh].
- 13 Auelgazina, Tolqyn, Shaimakova, Togzhan & Shaimaqov, Meiirzhan. (2023). Qazaqstan men Turkiianyn bilim salasyndagy yntymaqtastygynyn negizgi bagyttary [The main directions of cooperation between Kazakhstan and Turkey in the field of education]. *Zhalpy turki memleketteri integratsiiasynyn aleueti: qazirgi zhagday men keleshegi. Khalyqaralyq konferentsiianyn materialdar zhinagy — The main directions of cooperation between Kazakhstan and Turkey in the field of education, the potential of integration of Turkic states in general: current state and prospects. Collection of materials of the International Conference* (pp. 96–108). Almaty [in Kazakh].
- 14 Isaeva, M.I. (2016). Türkiye ve Kazakistan Arasındaki Yüksek Düzeydeki Stratejik İşbirliği Konseyinin 2. Toplantısının Ardından Yeni Sinerji Ortak Ekonomik Programına Kısa Bir Bakış / Eds.: In Nevzat Şimşek, Lidya Parhomchik, Hayal Ayça Şimşek Eurasia Outlook — 2015. Ekonomik, Sosyal And Politik Perspektives In Eurasia (ss. 191–196) [in Turkish].

Авторлар туралы мәліметтер

Алтайбаева Аяулым — PhD докторант, философия кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан; <http://orcid.org/0009-0007-3323-1832>

Телебаев Ғазиз — философия ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан; <http://orcid.org/0000-0003-1343-9867>

Information about the authors

Altaybaeva Ayaulym — PhD student, Department of philosophy, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Telebayev Gaziz — doctor of philosophical sciences, professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.